

УДК 327.1

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ  
АЙМАҒЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ  
ДАМУЫ**

**Мелдеш Нурлыбек Нуржанұлы**

nurlybek.meldesh@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - А.А. Турунтаева

Кез келген мемлекет халықаралық ынтымақтастықта саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды табысты жүргізу тек тұрақтылық жағдайында ғана мүмкін болатынын түсінеді. Осы тұста біздің елімізде қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестеріне белсенді түрде атсалысып келеді. Оның бір мысалы, Семей полигонын жабу туралы шешім және ядролық қарудан бас тартуы болып табылады.

Сондай-ақ, кейіннен ядролық қаруды таратпау туралы шартты ұзартуға бағытталған бастамаға қосылуымен сөзсіз қолдау көрсетуі Қазақстанға әлемдік қоғамдастықтың құрметіне ие болып қана қоймай, қауіпсіздікті нығайтты. Ресей, АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания тарапынан тиісті кепілдіктер есебінен аумақтық тұтастықты қамтамасыз етті.

Орнықты дамуға қол жеткізу және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек әскери саяси шаралармен ғана шешілмейтінін түсінеді. Өйткені бейбітшілік пен тату көршілікті нығайту үшін ең сенімді негіз сауда-экономикалық байланыстармен ынтымақтастық жолы болып табылады. Алайда, Қазақстан Республикасының Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі (АТМӨ) елдермен сауда-экономикалық байланысының көлемі әзірше шамалы [1].

Азия-Тынық мұхиты аймағы 58 мемлекет пен аумақты қамтиды. Оның кеңістігінде ең ірі интеграциялық бірлестіктер шоғырланған: Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және т.б.

Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қатысуын күшейтуді жоспарлап отыр. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс экономикалық форумының пленарлық отырысында айтты.

«Мен Азия-Тынық мұхиты аймағы қазірдің өзінде әлемдік экономикалық белсенділіктің орталығына айналды деген пікірге қосыламын. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономика ретінде осы аймақтағы қатысуын күшейтуді жоспарлап отыр. Және бұл көзқарас еліміздің Азиядағы әріптестерімен қарым-қатынасының мәнін көрсетеді», - деді мемлекет басшысы [2].

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанның Еуразиялық стратегиясының негізгі элементі – Қазақстанның Ресеймен жан-жақты ынтымақтастығы.

«Стратегиялық әріптес, одақтас, ұлы Еуразиялық держава». «Ал мега өңірдің басқа елдері біз үшін маңызды инвестициялық және сауда серіктестері болып табылады», - деді мемлекет басшысы.

Азия өңірінде көпвекторлы және тендестірілген сыртқы саясаты тұрғысында Қазақстан Республикасының орны ерекше маңызға ие болуда. Осыған байланысты, Азия-Тынық мұхит өңірінің серпінді өсуін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Азия-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттермен: Қытаймен, Жапониямен, Корея Республикасымен, Таиландпен, Филиппинмен, Малайзиямен, Индонезиямен өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударады.

Таяу болашақта Азияда әлемде шығарылатын өнімнің үштен бір бөлігінен астамы өндірілетін болады. Ал оның экономикасы өзінің көлемі бойынша АҚШ пен Еуропа экономикаларымен салыстыруға келеді. Континенттің ірі елдері белсенді сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асырады. Көмірсутектер мен басқа да шикізат ресурстарының едәуір көлемін импорттайды.

Қазіргі уақытта Еуразияның орталығында күштер балансында ауқымды өзгерістер орын алуда. Орталық Азия түбегейлі геосаяси өзгерістерді бастан кешіруде, соның нәтижесінде Қытай, Еуропа, Иран, Ресей, Оңтүстік Азия және АҚШ елдерінің арасында жаңа рөлдер мен жаңа қарым-қатынастар пайда болады.

Сонымен қатар, бұл жағдай Еуропа аймағы мен АҚШ-тан Азияға қарай аударылған геосаяси өзгерістер қайта экономикалық бағдарлануға әкеледі. 2025 жылға қарай бұл үрдістің толық өсуі және уақыт өте бұл өзгеріс өзін көрсетеді деген болжам бар. Бірқатар сарапшылардың пайымдауынша, аймақта орын алған бірнеше ауқымды мәселелерді одақтар мен альянстарға қатысуы арқылы емес, екіжақты форматта шешілуі тиіс деп есептейді.

Сонымен қатар, соңғы кездері келесідей өзгерістердің орын алуын көруге болады. Мысал ретінде, Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығу аясында мемлекеттің сыртқы және қорғаныс саясаты туралы 2020 жылдың наурыз айында «Қорғаныс, дипломатия және халықаралық даму бойынша кешенді стратегия. Жаһандық Ұлыбритания бәсекелестік дәуірінде » деп аталатын ел қызметінің 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтары мен бағыттарын айқындайтын жаңа құжатты ұсынғаны болып табылады. Сыртқы саясатқа шолу негізі бойынша, сыртқы саясатқа өзіндік көзқарастарын дамыта отырып, Еуропалық Одақтан тәуелсіз «Жаһандық Ұлыбританияның» пайда болуын білдіреді. Аймақта британдық истеблишмент үшін басымдық:

- ең алдымен үш негізгі державамен – Қытай, Үндістан, Жапониямен диалогты нығайту;
- АСЕАН-ның диалогтық серіктесі болу;
- Азия-Тынық мұхиты серіктестігі туралы жан-жақты және прогрессивті келісімге қосылу.

Біріккен Корольдіктің Орталық Азиядағы мүдделері екіжақты сауда байланыстарын нығайтуға және азырақ дәрежеде аймақтық қарым-қатынасқа бағытталған. Брекситтен кейінгі кезеңде Ұлыбританияның халықаралық сауда департаменті Орталық Азия елдерінің әрқайсысымен жаңа сауда келісімдерін жасау үстінде.

Ұлыбритания үшін Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономика ретінде аймақтағы басым серіктес болып қала береді, онымен ынтымақтастықта британдық истеблишмент үшін экспортты одан әрі арттыру маңызды болып табылады[3].

Дегенменде, Америка Құрама Штаттары Орталық Азия аймағындағы негізгі саяси күштердің бірі және Қазақстанның басты стратегиялық серіктесі болып қала береді.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы сауда ынтымақтастығы 2020 жылы 1,3 миллиард долларды құрады (қаңтар-қараша), ал 2019 жылы 2 миллиард долларды құраса. 2018 жылы 2,1 млрд доллар, 2017 жылы 1,3 млрд доллар болды.

Мұнай бағасының құлдырауы жағдайында және Covid-19 пандемиясының теріс әсерінен екіжақты сауданың одан әрі төмендеуі күтілуде.

АҚШ-тан Қазақстанға негізгі импорттың түрлері: ұшақтар, электр жабдықтары, оптикалық және медициналық аспаптар, көлік құралдары, мал, егіс тұқымдары, ет және құс өнімдері, дайын тағам, темекі.

Қазақстаннан АҚШ-қа экспортталатын негізгі тауарлар: минералды отын, темір, болат, органикалық емес химиялық заттар, басқа да негізгі металдар (уран), қорғасын, азық-түлік өнімдері, шай, өңделген жемістер мен көкөністер, күріш, егуге арналған тұқымдар.

Жалпы, Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияның көлемі (2020 жылғы деректер бойынша) 161,2 млрд долларды құрады (негізінен мұнай-газ секторында), оның 36,5 млрд доллары АҚШ-тың инвестициясы болды [4].

Бұл Қазақстанның экономикасына негізгі инвестиция құюшы елдердің бірі болып табылады. Ал ең ірі Қазақстан Республикасының экономикасының инвесторлары Нидерланд, Франция, Қытай және Жапония елдері болып табылады.

Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттермен дипломатиясы өзара байланысты үш міндетті шешеді:

біріншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

екіншіден, елдегі нарықтық реформалар үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау;

үшіншіден, аймақтық интеграциялық процестерге белсенді қатысу.

Қазақстан Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, оның ішінде қаржылық дағдарысты еңсеру тәжірибесін жіті бақылап отыр. Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағы мемлекеттерінің жаңа интеграциялық жобаларына қызығушылық танытуда.

Қазақстан мен Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің халықаралық саясатының түбегейлі мәселелеріне көзқарастарының ұқсастығы, олардың одан әрі жақындасуына мүмкіндік береді.

Қазақстан және Азия мемлекеттерінің көпшілігі халықаралық жүйенің көпполярлылығын қолдайды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін айналып өтетін біржақты әскери әрекеттерді, демократия мен адам құқықтарының негізгі құндылықтарына қатысты қос стандарттарды қабылдамайды.

Қазақстан Азия-Тынық мұхиты өңірі нарықтарына шығуға, аймақтағы сауда-экономикалық интеграциялық үдерістерге қосылуға белсенді күш салуда. Азия-Тынық мұхиты аймағының энергетикалық ресурстарға сұранысының артып отырғанын ескере отырып, Қазақстан Ресеймен бірге ол жақта көмірсутегі шикізатының негізгі

экспорттаушысына айналуы мүмкін. Өңірге Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын арттырудың «тауашасы» бар. Қазақстан сонымен қатар, көптеген Шығыс Азия мемлекеттерінің өнеркәсібіне аса мұқтаж қара және түсті металдарды, химия және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін ұсына алады. Жалпы, елорда еліміздің көлік жүйелері мен әлемдік нарықтарға шығудың балама бағыттарын дамытуға қатысуына ерекше мән береді.

Сонымен қатар, Қазақстан басшылығы қазірдің өзінде АТР-дан Қазақстан экономикасына ауқымды инвестиция тартуға тырысуда. Сондай-ақ, макроэкономикалық мәселелерді шешіп, білікті мамандарды даярлауда сол жерден көмек сұрауда. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері бойынша Азия мемлекеттерімен ақпарат алмасуға қатысуды тереңдете отырып, облыстың негізгі экономикалық және қаржылық институттарымен тұрақты байланыста.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің ішінде Қазақстан ҚХР-ға ерекше орын береді. Қазақстан Бейжіңмен қарым-қатынасының негізгі қағидаттары өзара тиімділік, күш қолданудан немесе оның қоқан-лоққысынан бас тарту, қолданыстағы шекараларға қол сұғылмаушылық болуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Қазақстан басшылығы ҚХР мен Қазақстан аумағы арқылы Еуропаны Азия-Тынық мұхиты аймағымен байланыстыратын байланыс желілерінің құрылысын өте перспективалы деп санайды. Екі ел арасында газ және мұнай құбырларын тарту да бірдей маңызды. Қытай, сонымен қатар, ел экономикасын реформалау саласында Қазақстан үшін идеялар көзі болып табылады.

Қазақстан экономикасының әлеуетті инвесторы Жапониямен байланыстарды жандандыру Қазақстанға үлкен саяси және экономикалық артықшылықтар береді. АТЭС шеңберінде Азия-Тынық мұхиты өңірі халықтарының достастығын құрудағы АҚШ және басқа елдермен бірге Жапонияның белсенділігі Астананы ерекше қызықтырады. Токио өз кезегінде Қазақстанның Жапонияға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі мәртебесін берудегі қолдауын жоғары бағалайды. Олар Қазақстан Республикасының отын ресурстарына қол жеткізуге мүдделі.

Жапония Қазақстанға түрлі нысандарда экономикалық көмек көрсетіп, Қазақстандық кадрларды оқытады.

Оңтүстік Корея Қазақстан Республикасының құнды серіктесі болып табылады. Искерлік байланыстарға Қазақстанда үлкен корей диаспорасының болуы, Оңтүстік Кореяның Қазақстандық шикізатқа, ал Қазақстан Республикасының оңтүстіккореялық инвестицияға елеулі қажеттіліктері ықпал етеді. Қазақстан бір мезгілде КХДР-мен байланыстарды дамытып, КХДР-ның ядролық бағдарламасы мен жалпы корей мәселесін тез арада шешуді жақтауда.

Тараптардың сыртқы саяси басымдықтарының жақындығы мен экономикалық ынтымақтастыққа өзара мүдделілігінің арқасында Қазақстан-Моңғолия қатынастары табысты дамып келеді. Моңғолияда тұратын қазақтарды тарихи отанына қайтару мәселесінде біршама шешімдерді тапқан болатын [5].

Оңтүстік-Шығыс Азия Қазақстанды сауда-экономикалық саладағы әлеуетті негізгі серіктес және АТР интеграциялық үдерістердің негізі ретінде тартады. Қазақстан жалпы АСЕАН-мен, сондай-ақ оның жекелеген мүшелерімен ынтымақтасуға ұмтылады. Қазақстанның Вьетнаммен, Малайзиямен, Индонезиямен, Таиландпен қарым-қатынасында айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді.

Дегенмен, жалпы алғанда, Қазақстан мен бұл шағын аймақ арасындағы ынтымақтастықтың көлемі әлі де өте аз. Кедергілер – географиялық шалғайлық, көліктік коммуникацияның әлсіздігі, экономиканың Қазақстаннан артта қалуы және заңнамалық базаның жеткіліксіздігі.

Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерімен іскерлік ынтымақтастық Қазақстанның сауда-экономикалық дамуына, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге бірегей мүмкіндіктер ашады.

Сондай-ақ Қазақстанның Шығыс пен Батысты байланыстыратын көпір бола алуы, Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға зор үлес қосуы да маңызды. Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы интеграциялық жүйелеріне осылайша кірігу арқылы ғана 21 ғасырда қалыптасып келе жатқан көпполярлы әлемде өзіне лайықты орнын қамтамасыз ете алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы
- 2 Жауап. ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 164 б.
- 3 РК планирует усилить присутствие в Азиатско-Тихоокеанском
- 4 регионе//www.kapital.kz
- 5 Внешняя политика Великобритании: новый курс и перспективы
- 6 //www.kisi.kz
- 7 Казахстан - США: актуальные вопросы сотрудничества //www.kisi.kz
- 8 Национальные интересы России в Азиатско-Тихоокеанском регионе в
- 9 условиях формирования нового миропорядка //www.dslib.net